

«Таң қаласың» кітабы жарық көрді

Қаламгер – журналист Сағи Әбілхасенұлының тоғызыншы кітабы баспадан шықты.


Осымен бірнеше рет көбейтіліп басылып отырған «Таң қаласың» кітабы аң құстар мен жәндіктердің арасындағы оқиғаларға арналады. Кітаптың тілі жеңіл, оқиғалары қызықты. Оқыған жанды баурап әкелетері сөзсіз. Мұнда қаламгердің: «Киіктің егіз лағы», «Ашулы күзен», «Аңқау Түсен», «Жекпе – жек», «Құраққа ілінген табан», «Арбау», «Ажал айдаған қарсақ», «Жоғалған жарқылдауық» т.б. көптеген қысқа әңгімелері енген.

Жаңалық деген осы
Көргенін паш етуден
жаңылмаған,
Арада жүре берсін
Сағи ағам.

Натуралист
жерлесіміз туындысы,
Жаңалық бұрын
естіп жазылмаған, -

деп пікір білдіріпті оқырманы Жантемір Хамзин жаңа кітап жайлы.

Сағи Әбілхасенұлы 1936 жылы Қостанай облысы, Жан-



гелдин ауданының Шеген ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің түлегі. Қазақ тілі мен әдебиетінің маманы. Еңбек жолын Аманкелді орта мектебінен бастаған ол ұзақ жылдар Жангелдин ауданының «Жаңа өмір», Торғай облысының «Торғай таңы» газеттерінде қызмет істеген. Тоғыз кітаптың авторы. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Сағи Әбілхасенұлының әдеби туындылары республикалық, облыстық газет-журналдарда тұрақты жарияланып келеді.